



РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАЗА БАСҚАНДАРҒА ҮМІТ СЫЙЛАДЫ



«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасы Президенттің тапсырмасы бойынша әзірленіп, Парламентте мақұлданды. Ел Президенті Қ.Тоқаев аталмыш заңға қол қойды. Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мекемелері бүгінгі таңда заң негізінде рақымшылыққа не болатын азаматтар тізімін анықтауда. «Заң жобасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына орай ізгілік қағидаты негізінде қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жазадан әрі қылмыстық жауаптылықтан босатуға, жазаның өтелмеген бөлігін қысқартуға бағытталған», – деді Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Арман Қожахметов. Бұндай ізгілікті шешімді тәуелсіздіктің бізге сыйлаған жетістігі мен жемісі деуге болады. Шын мәнінде, тәуелсіз бір күннің құндылығының өзі неге татиды?

(Соңы 3-бетте)

Баспасөз – 2022



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921
заңды тұлғалар үшін – 15921

✓ «Юридическая газета»

жеке тұлғалар үшін – 65928
заңды тұлғалар үшін – 15928

✓ «Заң» журналы – 75849

✓ «Фемида» – 75858

Байланыс телефоны: 8 701 276 8989

✉ zanreklama@mail.ru

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

БЕЗБЕН



Балжан АЛИПБЕК,
Түркістан облысы Әділет департаменті басышының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл:

«КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТТІК»

– Балжан Мәдиқызы, сіз ұзақ жылдардан бері әртүрлі басшылық қызметтерді атқарып келесіз. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында сол еңбек жылдарыңызға қалай шолу жасаған болар едіңіз?
– Биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл толды. Бізге осы жылдарда өзіміз жүріп өткен әрбір баспалдақ қымбат. Мен алғашқы еңбек жолымды Шардара ауданының Достық орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып бастадым. Алайда, ел басқару ісіне қызығушылығым бала кезден бар еді.

(Соңы 5-бетте)

ЗАҢНАМА БАСПАНА МӘСЕЛЕСІНІҢ ОҢ ШЕШІЛУІН КӨЗДЕЙДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ МОДЕЛІН ЖЕТІЛДІРУ ҮШІН ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАПТАРЫНА САЙ КЕЛЕТІН ЖАҢА ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕР ҚАБЫЛДАУ, ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРДІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА ЖАҚЫНДАТУ МАҚСАТЫНДА ОЛАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ. АЗАМАТТАРДЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ДЕГЕН СЕНІМІ, СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН МӨЛДІРЛІГІ, СОТ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЕДЕЛДІГІ МЕН ШЫНАЙЫЛЫҒЫ ОСЫ ЖҮЙЕЛІК РЕФОРМАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КРИТЕРИЙІ.

Қазіргі таңда сот тәжірибесінде баспана мәселесін шешуге қатысты азаматтық істердің көбейіп бара жатқаны байқалады. Әрине, баспана мәселесі қай кезде де маңызды болып қала береді. Осыған байланысты жылжымайтын мүлік құқығы пайда болғанда, атап айтсақ, жылжымайтын мүлікті сату-сатып алу, жылжымайтын мүлікті сыйға тарту немесе мұраға

қабылдау мәмілелерін жасау барысында азаматтардың арасында әртүрлі дау-дамай туындайды.

Мүлікке меншік құқығын алуға ниетті тұлғалар мен меншік иелерінің арасында жасалған мәмілелердің заңдылығын анықтау жөніндегі дауды өзара шеше алмаған жағдайда, сот органдары арқылы шешу талап етіледі. Қазақстандық сот төрелігі мұндай

жағдайда Азаматтық және Азаматтық-процессуалдық кодекстерді қатаң басшылыққа алады.

Бүгінде азаматтардың иелену мерзіміне байланысты баспанаға меншік құқығын алу туралы талап-арызбен сотқа жүгінетін кездері аз емес. Күнделікті өмірде көп қабатты үйлердегі пәтерді немесе жеке тұрғын үйді иеленген тұлғалардың сол баспананы заңды рәсімдеуден өткізбей ұзақ уақыт тұру фактілері жиі кездеседі. Сараптама көрсеткендей, мұндай жағдайға халықтың құқықтық сауатсыздығы, қаржылық қиындықтар және жасалатын мәмілелерге деген неміскұрайдылық себеп болуда. Дейтұрғанмен, Азаматтық кодекстің 8, 188-баптарына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалар өз қалауынша тиесілі азаматтық құқықтарын, соның ішінде қорғау құқығын қолдануға құқылы.

(Соңы 2-бетте)

РАҚЫМШЫЛЫҚҚА ІЛІНЕТІНДЕР ҚАЛАЙ САРАЛАНАДЫ?

Жанділде ЖАҚЫПОВ, «Халықаралық құқық қорғау орталығы» қоғамдық бірлестігінің президенті:

– Рақымшылыққа ілінетіндер бүгінгі таңда ашық, әділ сараланады деп айта алмаймын. Себебі мұнда адам факторы бар. Бір деректерде 14 мың адамға рақымшылық жасалады деп жазылған. Екіншісінде пробацияда жүргендерден 3 мыңнан аса адам есептен алынып, жазасын өтеп жатқан 1 мыңнан астам адам бостандыққа шығады деп көрсетілген. Рақымшылықтың артында гуманистік сұрақтар тұрғандықтан, бұл жаза алғандарға көрсетіліп отырған кішігірім жеңілдік десек, қателеспейміз. Сотталған әрбір адамды абақтыда ұстауға күніне 20 мың теңге жұмсалады деп естігенім бар.

«ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасы талқылауға түскен күннен бастап бұл мәселе жұртшылықтың назарында болған еді. Біреулер бұл ізгілікті шара десе, екіншілері бұл жерде де бармақ басты, көз қыстылық орын алып кетпей ме деген алаңдаушылығын ашық айтты.

қоғамға қауіпті қылмыс жасағандарға рақымшылық қолданылмайтыны да қарастырылған. Бұл заң негізінен осы төрт бағытта қолданылады. Бұл жерде бармақ басты, көз қысты деген мүлдем жүрмейді.

Құнанбай МҰСАЕВ, Түркістан облысы Мақтаарал аудандық сотының төрағасы:

– Елімізде биыл мерейтойға байланысты кезекті рақымшылық заңы шығып жатыр. Бұл бірінші кезекте әлеуметтік жағынан әлсіз, қорғауды қажет ететін топтағы адамдар мен қылмысы қоғамға қауіпті емес адамдарға жүргізіліп жатыр. Бұрын қылмыс жасап сотталған адамдардың өздеріне белгілі мөлшерде тағайындалған жазаны жеңілдету жағы да көзделген. Оның сыртында

(Соңы 3-бетте)

ЗАҢНАМА БАСПАНА МӘСЕЛЕСІНІҢ ОҢ ШЕШІЛУІН КӨЗДЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Ернұр СМАИЛОВ,
Тараз қалалық сотының судьясы

Өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иеленуге, пайдалануға және субъектінің құқығын заңнамалық актілермен қорғайтын әрі танытын меншік құқығы бар. Бұдан бөлек, мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын және басқа да мүліктерге құқықтық мәмілелер жасамай-ақ, атап айтсақ, иелену мерзіміне байланысты меншік құқығын алу арқылы пайда болуы мүмкін. Мүлікке меншік құқығын тіркеуге сот шешімі негіз болады.

Сот талқылауы барысында «Иелену мерзіміне байланысты меншік құқығын алу туралы талапты қанағаттандыру үшін қандай жағдайлар маңызды болуы мүмкін?» деген сауал туындайды. Бұл жағдайлар АҚ-нің 240-бабының 2-бөлімінде қарастырылған. Ол жерде «Мүліктің меншік иесі болып табылмайтын, бірақ өзінің жеке қозғалмайтын мүлкіндей жеті жыл бойы, не өзге мүлікті кем дегенде бес жыл адал, ашық және ұдайы иеленген азамат немесе заңды тұлға ол мүлікке меншік құқығын (иелену мерзімін) алады», – деп жазылған.

Адал, ашық және ұдайы иелену туралы ұғымға тиісті түсіндірме Жоғарғы Соттың 20.04.2006 жылғы №3 «Соттың меншік иесі қалдырып кеткен баспанаға құқығы туралы дауларды қарау тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысымен белгіленген. Адал иелену тұлғаның баспананың құқық бұзбай иесі болғанын білдіреді. Яғни, баспана қазіргі иеленушінің қолына

заңмен немесе басқа да құқықтық актілермен тікелей танылған немесе оларға қайшы келмейтін жағдай мен әрекеттің нәтижесінде түсуі мүмкін, бірақ құқықтық рәсімдеуден өтпеген (мысалы, баспананың меншік иесінің заңмен қарастырылған сату-сатып алу, жалға беру келісімдерінің түрін сақтамастан беруі).

Ашық иелену тұлғаның баспананы иеленіп отырғанын жасыру үшін ешқандай шара қолданбай, баспананы күтіп ұстап, коммуналдық төлемдерін, т.б. төлеп отырғанын білдіреді. Ұдайы иелену баспананы осы тұлғаның иелену құқығын үшінші тұлғаға берместен, жеті жыл бойы иеленіп келе жатқанын білдіреді. Тараз қалалық сотында жылжымайтын мүлікті иелену мерзімін алудың меншік құқығын тану туралы талап бойынша бірнеше іс қаралды. Мысал ретінде соның біреуімен таныстыра кетейін.

Азаматша А. 2002 жылы коменданттың рұқсатымен көп қабатты үйдің бос тұрған пәтеріне кіреді. Алайда бұл пәтердің меншік иесі азамат Б. көрсетілген баспанадан азаматша А.-ны шығару туралы талап-арызбен сотқа жүгінеді. Өз талаптарын қойған азамат Б.-ның айтуынша, 1998 жылы отбасымен бірге басқа ықшам-ауданға көшіп кеткенде, пәтерін өзінің танысына қалдырған. Біраз уақыттан кейін танысы пәтерді қараусыз қалдырып, кетіп қалған. Меншік иесі азамат Б.-ның дәлелдерімен келіспеген азаматша А. осы баспананы иелену мерзіміне байланысты меншік құқығын өзіне беру туралы қарсы талап-арыз берді. Бұл істі қараған судья даулы жылжымайтын мүлікті 7 жылдан астам уақыт бойы өз меншігіндеі көріп, адал, ашық және ұдайы иеленіп отырғанын ескерді. Азаматша А. өзіне сеніп тапсырылған пәтерде 19 жылдан бері тұрып жатыр, баспананы адал күтіп ұстап, коммуналдық төлемдерін төлеп келеді, қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізген, санитарлық-техникалық нормаларды қатаң сақтайды. Бұл туралы көршілері айтып берді, бұдан бөлек, коммуналдық төлемдерді төлегенін дәлелдейтін құжаттарын ұсынды. Ал мүлкін қалдырып кеткен азамат Б. 19 жыл бойы бұл баспанаға ешқандай назар аудармаған.

Азаматтық-процессуалдық кодекстің 223, 226-бабын басшылыққа алған сот азаматша А.-ның иелену мерзіміне байланысты осы баспанаға меншік құқығын өзіне беру туралы қарсы талап-арызын қанағаттандыру туралы шешім шығарды. Айта кететін жайт, қоғамдық дамудың қазіргі заманғы кезеңінде азаматтардың құқықтық сауаттылығы, олардың жасалатын мәмілелерді құқықтық рәсімдеуге адал көзқарасы, заңға деген құрметі және баспана саласындағы дау-дамайларға байланысты сот талқылауларын азайту үшін адамгершілік қасиеттің болуы сияқты факторды дамытудың маңызы зор. Заннама еліміздегі баспана мәселесінің оң шешілуін көздейді.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТӘЖІРИБЕСІ ҚАЛЫПТАСТЫ

Жария-құқықтық дауларға жігі назар аударып, дұрыс шешу – азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтатын тетіктің бірі. Жалпы, қоғам үшін өзекті болып табылатын бұл мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында тоқталып: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет», – деген болатын. Президент тапсырмасынан кейін әкімшілік әділет институтын енгізу, жария-құқықтық дауларды жаңаша реттеу мақсатында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті дайындау бойынша ауқымды іс-шаралар қолға алынды.

Нәтижесінде биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізіліп, елімізде жария-құқықтық дауларды қарауға маманданған 21 сот жұмысқа кірісті.

Жеке немесе заңды тұлғаларға мемлекеттік органмен дауласудың қаншалықты қиын екенін уақыт пен тәжірибе көрсетті. Себебі, мемлекеттік органмен соттасу – тұтас бюрократиялық аппаратпен соттасуымен тең. Бұған дейін жария-құқықтық даулар азаматтық

іс жүргізу тәртібінде қаралып, тараптардың теңдігі қағидасына негізделетіні еді. Ал дамыған елдердегі әкімшілік әділет институты көрсеткендей, жария-құқықтық даулардағы тараптар шын мәнінде бірдей мүмкіндікке ие емес. Қарапайым азаматтың мүмкіндігін барлық ресурстары қамтамасыз етілген, төрт аяғын тең басқан мемлекеттік құрылымдар мүмкіндігімен салыстыру есте қате. Оны статистикалық көрсеткіштер де айғақтайды. Мәселен, ӘРПҚ тәжірибеге енгізілгенге дейін біздің елімізде орта есеппен алғанда 1000 адамға шаққанда бар болғаны 1,4 жария-құқықтық даудан келетін. Дамыған елдерде мұндай дауларды қараудың тәжірибесі әлдеқашан қалыптасқан. Соған орай бұл елдерде 1000 азаматқа орта есеппен 2-ден 5-ке дейін жария-құқықтық дау тіркеледі. Сәйкесінше бұл даулардың нәтижесі де көңілге кірбін түсіреді. Өйткені, біздің елімізде биылға дейін сот таразысына салынған жария-құқықтық дауларда 85% жағдайда мемлекеттік органдар ұтып отырды. Мұның барлығы құқықтық реттеудің қолданыстағы моделінің тиімділігінің төмендігін көрсетеді. Әрі дәл мұндай көріністен кейін аталған санаттағы істердің оң шешілетініне күмәнданған азаматтардың сотқа жүгіне бермейтіні де түсінікті.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қолданысқа енгізілуі жария-құқық дауларды қараудағы тәжірибені ғана емес, соттармен қатар барлық мемлекеттік орган-

Махамбет ТОЛТАНОВ,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚ

ПРОЦЕСТІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНЫЛАДЫ?



Сәуле ҚИЯШЕВА,
Ақмола облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының судьясы

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте процестік мәжбүрлеу шаралары көзделген. Ақшалай өндіріп алу – бұл процестік мәжбүрлеу шарасының бірі. Осы шараны қолдану туралы сот ұйғарым шығарады. Сот қатысушыларға он АЕК-тен бастап жүз АЕК-ке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдана алады.

Сот шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағаны үшін сот жауапкерге елу АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады. Сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Биылғы жылы еліміздің сот төрелігінде елеулі өзгерістер орын алып, мемлекетіміз үшін маңызды әрі батыл қадамдар жасалды. Міне, осыдан бірнеше жыл бұрын елімізде сөз жүзінде айтылып келе жатқан әкімшілік әділет реформасы іс жүзінде қолданысқа енгізілді. Әкімшілік әділеттің тәжірибеге енгеніне бес айдан асып барады. Статистикалық мәліметке сүйенсек, осы аралықта соттарға 9 мыңнан астам іс келіп түскен екен. Оның ішінде, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар бұл істердің 49 пайызы бойынша жеңіліске ұшыраған. Бұл статистикадан сотқа жүгінгендердің өз талаптарының дұрыстығы мен мемлекеттік органдар актілерінің заңсыз екенін сотта жан-жақты дәлелдеп шыққанын көреміз. Осы орайда, Маңғыстау облысының мамандандырылған әкімшілік сотына 1 шілдеден бастап 5 ай ішінде барлығы 281 талап қою арзыы келіп түсті. Процестік мәжбүрлеу шаралары ретінде барлығы 20 тұлғаға қатысты ақшалай өндіріп алу қолданылды. Қолданылған ақшалай өндіріп алу сомасы 583 400 теңгені құрайды, барлығы республикалық бюджет пайдасына өндірілген.

Елімізде жан-жақты сараланған әкімшілік әділет құрылымын енгізу ең алдымен мемлекеттік орган мен азаматтар арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуді көздейді. Әкімшілік әділет біздің мемлекетімізде жаңа құрылым саналғанымен, әлемнің көптеген елдерінде бұрыннан жемісті жұмыс істеп келе жатқан белсенді институт болып табылады. Тіпті, дерек көздеріне үнілсек, аталған институттың қабырғасы алғаш 200 жыл бұрын Франция мемлекетінде король Людовик 16 басқарған кезде қаланғанын көреміз.

Елбасы биылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында 2021 жылғы 1 шілдеден бастап әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істей бастағанын, бұл институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастыратынын ерекше атап көрсетті. Сондай-ақ, құнды құжатта «Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмескіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді», – деді Мемлекет басшысы. Аталған кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға бай-

себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік), соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін ӘРПҚ-нің 127-бабының 3,4-бөліктеріне сай ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Ақшалай өндіріп алуды төлеу ұйғарым табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және ол мемлекеттің кірісіне өндіріп алынады.

Облыс соттарында 2021 жылғы 1 шілде мен 15 қараша аралығында әкімшілік іске қатысатын 25 адамға қатысты мәжбүрлеу шарасы қолданылған. Атап айтқанда, жер учаскесін беру туралы әкімнің қаулысын даулау туралы талапқа орай жауапкерге жазбаша пікірін беру үшін мерзім белгіленді. Алайда, сотпен белгіленген мерзім ішінде жауапкер талапқа пікірін бермеді. Осыған орай, сот ұйғарымымен жауапкер – Ақмола облысының аудан әкімдерінің біріне 20 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алу шарасы салынды, бұл 58 340 теңгені құрайтын сома жауапкерден республикалық бюджеттің кірісіне өндіріп алынады және ол бюджеттің кірісіне түскен күні сотқа түбіртек ұсынылады.

Көрсетілген шара процесске қатысушыларды тәртіпке келтіріп, соттың әкімшілік істің уақытылы, толық және жан-жақты шешіуіне жәрдемдесетінін, сондай-ақ сот актісін орындауға ынталандыратынын атап өткен жөн.

ланысты қатынастарды, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін бірден-бір заңнамалық актi. Әкімшілік рәсімдердің өзіне тән міндеттері бар. Атап айтсақ, жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыру, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу, тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету, жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту болып табылады. Ал әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу. Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу кезінде келесі қағидаларға назар аударылады: заңдылық, әділдік, құқықтар басымдығы, соттың белсенді рөлі. Әлбетте, әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Өз кезегінде сот әкімшілік процесске қатысушылардың түсініктемелері, арыздары, өтінішхаттары, ұсынған дәлелдер, дәлелдемелер және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймайды. Аталған әкімшілік істің дұрыс шешімін табу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеп, зерделей түседі. Сондай-ақ, судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процесске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды.

Қорыта айтсақ, мемлекеттік органдар әрекет ететін істерді қарау барысында қарапайым азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауда әкімшілік әділеттің ауқымы зор. Сондықтан, заманауи үлгідегі бұл заңның қоғамға тиімді тетіктері арқылы белсенді қызмет етіп, өз өміршеңдігін көрсететініне сенім мол.

Серік ЖҰМАБАЕВ,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

РАҚЫМШЫЛЫҚ
ЖАЗА БАСҚАНДАРҒА ҮМІТ СЫЙЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осынау тәуелсіздікпен сот жүйесі бірге түледі. Иә, әділ сот – егемен елдің берік тірегі. Елбасы мемлекеттің құқықтық саясатының негізі – тәуелсіз сот жүйесін құру туралы бастама көтеріп, елімізде мемлекеттік деңгейде нақты іс-шаралардың бағдарламасы әзірленді. Міне, сол уақыттан бастап тәуелсіз сот жүйесі Елбасы ұсынған реформа, бағдарламаларынан бір сәтке сырт қалған емес. Жүйелі бағдарлама мен нақты мақсаттың негізінде елімізде мамандандырылған соттар құрылып, алқабилер институты өз өміршеңдігін көрсетті. Сондай-ақ, елімізде жанарған Қылмыстық, Қылмыстық процестік, Қылмыстық атқару кодекстері қолданысқа енгізілді. Одан бөлек, дауларды баламалы тәсілдерді қолданып, өркениетті шешудің жолы қалыптасты. IT технологиялар сот қызметінің ашықтығы мен қоғамның сотқа деген сенімін арттырды. Заманауи технологияның дамығаны сондай үйде не кеңседе отырып, бір батырманы түрту арқылы тараптар сотқа талап арыз беріп, сот процестеріне онлайн қатысуға мүмкіндік алды.

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отыр. Бұл әрбір қазақстандық үшін ұлы күн, мерейлі мереке. Аталған ме-

рекеге орай, елімізде «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заңы қабылданды. Жалпы, амнистия немесе рақымшылық (грек тілінде – кешіру) адамдардың белгісіз бір тобын Мемлекет басшысының немесе Үкіметтің жоғары өкілетті органының шешімімен қылмыстық жазадан босату болып табылады. Рақымшылық актісі аса ауыр қылмыс жасағандарға, кісі өлтіргендер мен жазаны өтеу кезеңінде тәртіп бұзған адамдарға қолданылмайды. Қазақстан Республикасының заңнама талабына сәйкес сотталғандарға рақымшылық жасау құқығына тек ел Президенті ие.

Ал осы аталған заңның мақсатында әлеуметтік жағынан осал адамдарға: Ардагерлер туралы ҚР заңының күші қолданылатын ардагерлер және басқа да адамдар, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде он сегіз жасқа толмаған адамдар, осы заң қолданысқа енгізілген күні елу жасқа толған және одан асқан әйелдер, алпыс жасқа толған және одан асқан ерлер, жүкті әйелдер, ата-ана құқықтарынан айырылмаған және балалары, оның ішінде асырап алған не қорғаншылыққа және қамқоршылыққа алынған, осы заң қолданысқа енгізілген күні он сегіз жасқа толмаған не қылмыстық құқық бұзушылық жасаған

және сотталған кезде мүгедек баланың, сондай-ақ туылғаннан мүгедектігі бар балалары асырауында болған әйелдер және ерлер, осы заң қолданысқа енгізілгенге дейін бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер деп танылғандар жатқызылған. Заңның 4-бабына сәйкес, рақымшылық жасау қолданылмайтын адамдар мен қылмыс құрамдары көрсетілген. Осы орайда, әлеуметтік жағынан осал деп танылған адамдар бұл нормадағы қылмыстарды жасаған болса оларға рақымшылық қарастырылмайтынын атап өткен жөн. Қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар, нұқсан келтіруге әкеп соқпаған, ауырлығы орташа қылмыстар жасаған не оны толық өтеген немесе олар бойынша азаматтық талап қойылмаған адамдар, заладдың немесе азаматтық талап қоюдың болуына қарамастан, ауырлығы орташа қылмыс жасаған әлеуметтік жағынан осал адамдар босатылады.

Қорыта айтсақ, рақымшылық – заңды бұзған адамдарға қатысты мемлекеттің ізгі ниеті мен білдірген сенімі болмақ.

Қанат НҰРҒАБЫЛУЛЫ,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ТҮЙТКІЛ

ӨРТТЕН ҚҰТҚАРУШЫНЫҢ ӨЗІН
ҚҰТҚАРУ КЕРЕК

Табиғи апаттардан адамзат баласының толықтай сақтандырылуы мүмкін емес. Төтеннен келген мұндай зұлматтар біздің елімізде де талай адамның өмірін жайлап, халықтың игілігіне нұқсан келтіріп жатыр. Жыл сайын Қазақстанда 15,7 мың осындай оқиға тіркеледі екен. Тек биылғы жылдың басынан бері болған төтенше оқиғалар салдарынан 1 471 адам зардап шегіпті. Соның ішінде 722 адам қаза тапқан. Олардың 280-нің ажалына өрт себеп болса, 389 адам суға кетіп, 13 адам газ баллонының жарылуынан көз жұмыпты. Келген шығынның жалпы құны 7,9 миллиард теңге жетті. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сәбағында айтылды.

Ильин мырзаның айтуынша, елімізде климаттың өзгеруін және оның салдарының алдын алу мақсатында 2015–2030 жылдарға арналған апаттардың тәуекелдерін азайту жөніндегі бағдарламасы аясында ұлттық стратегия жүзеге асырылып жатыр. Төтенше жағдай министрлігі тарапынан тұрақты түрде маусымдық және әлеуетті қауіптерге дер кезінде ықпал ету, құрбандар санын азайту мақсатында шаралар жүргізілуде. Мәселен, сел қаупіне тосқауыл қою, сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, аумақтық бөлімшелерді және ведомствалық мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайту, адамдар көп жүретін нысандардың қауіпсіздігін арттыру, тұрғындарды улы, радиактивті және биологиялық қауіпті заттар пашатын әлеуетті төтенше жағдайлардан қорғау шаралары белгілі деңгейде атқарылуда.

Елде орын алатын апатты оқиғалардың дені өрт болып отыр. Адамдар өмірі мен ел экономикасына қауіп төндіретін тұрмыстық, өндірістік, орман өрттері барлық төтенше жағдайдың 85 пайызын қамтиды. Қабылданған шараларға қарамастан олардың саны азаяр емес. Биыл 8662 өрт тіркеліп, оларда 335 адам зардап шегіп, 280 адам қаза тапты. Өрттің көпшілігі елдегі 416 өрт депосының жартысы 1950–1970 жылдары салынған және осыншасы ыңғайластырылған мекенжайда орналастырылған, 20-ы апаттық жағдайдағы қалалар мен ірі елді мекендерде болуда. Өрттен сақтануды талап деңгейінде ұйымдастыру үшін 127 өрт депосы салыну керек. Өрт шығуының негізгі себептері өрт қауіпсіздігі қарапайым талаптарының орындалмауы, бұзылған электр приборларының қолданылуынан болып отыр. Тексеру барысында 99 мың қауіпсіздік талаптарының бұзылуы анықталған.

Орман-дала қорына жақын және аудан орталықтарынан алыс ауылдық елді мекендерді өрттен қорғау мүмкіндігі төмен. Оларда мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бөлімшелері жоқ. Бүгінгі таңда жергілікті атқару органдары 1474 елді мекенді қорғайтын 473 өрт постыларын құрды. Енді 210 өрт бекеттерін жасақтау керек. Сол секілді өрт техникаларының 21 пайызын жаңалау қажет. Соңғы үш жылда 597 өрт сөндіру қызметі үшін 597 техника алыныпты. Өрт техникасы паркін уақытында жаңалап, қолдап отыру үшін жыл сайын 213 техника алуға қаржы бөлінуі керек.

Қазіргі таңда көктемгі тасқынға ұшыраған 925 елді мекеннің 250-і қауіпті аймақта тұр. Биыл 46 шақырым дамы салынып және жөнделіп, 75 шақырым жағалау нығайтылыпты. Сол секілді сейсмологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 24 шара көзделген Жол картасы бекітіліпті.

Токетерін айтқанда, төтенше жағдайдың алдын алып, тосқауыл қою, одан қорғау бағытында атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Шешімін күткен, уақыттың ағымы, қаржының тапшылығы, өзге де факторлар салдарынан туындап жатқан мәселелер де жеткілікті. Мұны өз кезегінде сөз алған депутаттар да ортаға салды. Мәселен, депутат Александр Милотиннің айтуынша, ауылдық жерлердегі елді мекендердің 90 пайызы өрт сөндіру бөлімдерінен тыс жатыр. Мұндай жағдайда шыққан өртті дер кезінде сөндіру қалай мүмкін болмақ? Бұл өрттің алдын алу мүмкіндіктерін іске қосу қажеттігін көрсетеді. Осы ретте Милотин мырза сақтандырудың халықаралық тәжірибесіне назар аудартты. Оның айтуынша, бұл жүйе өрт қауіпсіздігінің алдын алу, оның салдарынан сақтану деңгейін арттырады. Оның басты артықшылығы нысан месінің өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға ынталандыратындығында. Бұл ретте сақтандыру жарналарының өрт қаупінің деңгейіне сай болуын ескеру керек. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін салынатын айыппұл көлемін арттыру қажет. Қазіргі таңда оның ақшалай бағамы өрттің келтіретін салдарына сай емес. Бұл нысандардың қожайындарына адамдар өмірін, халық игілігін қауіпке тігіп, ғимараттарды өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзып қолдануына жол беріп отыр. Тағы бір мәселе тасқынға қарсы шаралар тиімділігінің төмендігі. Елді мекендердің су тасқынына ұшырауы гидротехникалық қондырғылардың ескілігі, олардың уақытында ауыстырылып, жөндеу қормейтіндігінен орын алып отыр. Қазіргі таңда мәселен, 5951 осындай жабдықтың 499-ы талапқа сай келмейді. Тағы бір себеп – жергілікті органдардың өзен жағалауында, су қоймасы аймағында үй салуға бассейндер инспекциясының келісімінсіз рұқсат беретіндігі. Жекеменшік жерлердегі құрылыстар жобалық құжаттарсыз салынады.

Депутаттар да бұл саладағы өзекті мәселе ретінде өрт сөндіру қызметінің материалдық базасының төмендігін, роботтандырылған өрттен құтқару техникасының жоқтығын және өрт сөндіруге арналған киімдердің жетіспейтіндігіне назар аудартты. Оларға қол жеткізу үшін құзырлы орын жалпы сомасы 47,9 млрд. теңге болатын 731 өрттен құтқару техникасын алу қарастырылған 2021–2023 жылдарға арналған Жол картасын бекітіпті. Жалпы өрт сөндіру қызметіне 2669 техника қажет. Алайда, республикалық бюджеттік комиссия бұл ұсынысты қолдамапты. Осылай өрттен құтқаратын құзырлы орын жағдайының өзі құтқаруды қажет етіп отырған жайы бар.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА
«Заң газеті»

АЙМАҚ



ЖҰМБАҚҚА ТОЛЫ
ШАРЫН ШАТҚАЛЫ

Қазір ешкімді уақыт пен төзімнің жемісі болып саналатын адам баласының қолымен жасалған дүниемен таңғалдыру қиын. Ал тарихы жүздеген, мыңдаған жылмен ғана емес, миллиондармен есептелсе де әлі күнге дейін құпиясы ашылмаған жұмбаққа толы Шарын шатқалы туралы ғаламтордан, бұқаралық ақпарат құралдарынан немесе достарыңыздан естігеніңіз, көргеніңіз, оқығаныңыз бар шығар. Мұндағы сұлулық жылдың төрт мезгілінде ғана емес, жылдың он екі айында да, тәуліктің әрбір сағаты мен минутында да мың құбылып, жүз түрленіп тұрады. Мұнда саяхаттап келген кез келген адам әрбір сапарында өзгеше әсерге бөленіп, табиғаттың ғажайып көріністеріне еріксіз таңдай қағып, қайталанбас ерекше сезіммен қайтады. Оған еш күмәніңіз болмасын. Себебі, ұзындығы 154 шақырымды құрайтын, ал жарқабағының биіктігі 150-300 метр болатын Шарын шатқалының барлық сай-саласы мен жықпыл-жықпылын апталап, айлап жатсаң да толық аралап шығу мүмкін емес. Өйткені, Алатаудың мұздықтарынан басталып, Іле өзеніне қосылатын Шарын өзені 427 шақырымға созылып жатыр. Өзен атауымен Шарын шатқалы аталып кеткен бұл жерде бір емес, бірнеше шатқал барын және олардың әрқайсысының өз атауы барын саяхатшыларға жолбасшы болып жүрген мамандар мен жергілікті тұрғындардың да бәрі бірдей түстеп, айырып бере алмайды. Алматы облысының Кеген, Еңбекшіқазақ және Ұйғыр аудандарының аумағында жатқан Шарын шатқалы Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрамына кіреді. Кеңестік дәуірде шекаралық аймақ ретінде сырттан келетін өзге адамдар үшін жабық болып келген бұл аймақта саябақ 2004 жылы ғана құрылды. Саябақтың ресми сайтындағы мәліметтерге қарағанда мұндағы өсімдіктер дүниесінің жалпы саны мыңға жуық, оның елуден астамы сирек кездесетін эндемиктер. Бұдан бөлек жүзден астам құстың, сүтқоректілердің – 32, геретофаунаының – 18, космекенділердің – 4 түрі бар. Саябақ аумағында үш туристік бағыт бар. Олар – «Шарын шағаны тоғайы», «Қамалдар алқабы» шатқалы, «Зираттар мен қорғандар».

Көлемі жағынан АҚШ-тағы әйгілі Грант шатқалынан кіші болғанымен, сұлулығы, жұмбақтығы жағынан одан еш кем түспейтін Шарын шатқалының даңқы жыл өткен сайын әлемге жайылып келеді. Оны дүниенің түкпір-түкпірінен арнайы сапарлап келушілерден де байқауға болады. Бір қызығы олардың нақты санын ешкім дөп басып айта алмайды. Өйткені, кейбір шетелдік саяхатшылар көп жағдайда туристік бағытқа әлі күнге дейін кірмеген жерлерді жаяу-жалпы аралағанды ұнатады. Сондықтан, бірі турфирмалар арқылы, екіншісі тамыр-таныстарының көмегімен, үшіншісі интернет ақылы өз бетімен карта жасап алып сәуірден қарашаға дейін жолдорбасын аркалап, осында ағылады. Осы себепті жақында «Қазақтуризм» компаниясының қолдауымен «Прогресс» мүгедектер қоғамдық бірлестігі Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи саябағындағы Сары, Бестамақ, Темірлік шатқалдарына «Белгісіз Шарын» экспедициясын ұйымдастырды. Мақсат – туризмнің әлеуетін көтеріп, жұртшылық арасында жүргізілетін Шарын шатқалына қатысты ақпараттық насихат жұмысына үлес қосу.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының «Өмір – мұхит, уақыт – толқын» деген сөзі бар. Өмір көшіңдегі уақыт керуеніне ілескен әрбір пенденің біз кімбіз, қайдан шықтық, қайда барамыз деген сұраққа өзінше жауап іздеуі күмәнсіз. Бұл бағытта әркім өзінше ізденіс жасап, өзінше жол тауып, түрлі бағыт-бағдарда әрекет жасайды. Ал ғалымдар тарихын 12-25 млн жыл деп бағалайтын Шарын шатқалындағы ғажайыпты өз көзімен көріп, алған әсерін өз ой-елегінен өткізе алған адамның қоршаған ортаны сақтап қалуға, оны қорғап, болашақ ұрпаққа жеткізуге немқұрайлық танытуы мүмкін емес. Шатқал жарқабағынан құлаған тас пен қиыршық құмның арасынан млн-даған жылдар бұрын өмір сүрген өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің тасқа айналған белгісін қолымен ұстап осы жерді мекен еткен халықтың ежелгі ата-бабаларының зираттары мен қорғандарын көзімен көрген әрбір адамның уақыт пердесін ысырып тастап өткен шаққа көкірек көзін ашып ой жүгіртіп, көз салуы ешкім құнын ақшамен бағалай алмайтын өміріндегі ең құнды сәті боп қаларына менің еш күмәнім жоқ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
АЛМАТЫ

РАҚЫМШЫЛЫҚҚА ІЛІНЕТІНДЕР ҚАЛАЙ САРАЛАНАДЫ?



Жәнділдә ЖАҚЫПОВ, «Халықаралық құқық қорғау орталығы» қоғамдық бірлестігінің президенті:

– Қоғамда рақымшылыққа ілініп босап шыққандар жұмыссыздар қатарын толықтыруы мүмкін деген алаңдаушылық бар. Өйткені, түрменің өз тәртібі бар. Елбасы да бірнеше жыл бұрын Қазақстан халқы ассамблеясының бір отырысында қазіргі түрме адамды тәрбиелемейтіні, оның адамды тәрбиелейтін орын емес екенін айтқан болатын.

Ресейде 1990 жылдардың басында түрме саласында жұмыс істеген өз тәжірибеменен аңғарғаным онда түскен адамның бірнеше күнде сөзі де, іс-әрекеті де өзгереді. Сондай тұлға рақымшылыққа ілінген күннің өзінде біраз уақытқа дейін түрмедегі өмірімен жүреді. Кейбірі жұмыссыздықтан, отбасы өзінен бас тартқандықтан қайтадан психологиялық тұрғыда жалғыз қалуы мүмкін. Тіпті, кейбірі отбасылы болған күннің өзінде де болмашы қылмыс жасап қайтадан түрмеге түсуге тырысатынын көз көріп жүр. Себебі, түрмеде 3 мезгіл тамағы, жататын жері тегін, көбіне онда жұмыс та жоқ. Түрмедегі осындай жағдайға әбден үйренген адам үшін рахат өмір сияқты болып көрінеді. Түрмеге қайта түскендер күзетшілермен сөйлескен кезде де «мен бостандықтағы өмірді түсінбеймін. Ертеден кешке дейін жұмыс істесең де тапқаның күнкөрісіңе жетпейді» дегенді жиі айтады. Сондықтан рақымшылық негізгі жақсы нәрсе болғанымен, өте күрделі іс деуге болады.

Құнанбай МҰСАЕВ, Түркістан облысы Мақтаарал аудандық сотының төрағасы:

– Себебі, әрбір адамның артында адам тағдыры тұр. Онда біріншіден сотталған адам, екіншіден оның адвокаты, үшіншіден пробациялық қызмет немесе сотталған жердегі мекеменің басшылары ұсынысы жазылады. Оны түрлі деңгейдегі прокуратура органдары өз қадағалауына алады. Бұдан бөлек, ол аудандық, облыстық, Жоғарғы Сот судьяларының да басты назарында тұрады. Рақымшылық қолданылмайтын адамға рақымшылық жасалып кетті ме деген мәселе әрдайым өзекті. Біз мемлекеттің осындай ізгілендіру шарасынан адамдардың бір-біріне деген мейірімділігі оянып, қоғамдағы қылмыс та азаяды деп сенеміз.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

САРАП

ТӘУЕЛСІЗДІК –
ХАЛЫҚТЫҢ МАНДАЙЫНА
БІТКЕН БАҚ



Мұрат ИМАНБАЕВ,
Қазақстан Республикасы әскери сотының
судьясы

Қазақстанның тәуелсіз ел атанып, егеменді мемлекет ретінде танылғанына биыл 30 жыл толып отыр. Ата-бабамыз сан ғасыр армандаған, орындалмас сағымдай көрінген тәуелсіздіктің рухын сезіну бізге бұйырған екен. Азаматтар тірек тұтар Конституциясы бар, мемлекеттік тіліне мәртебе берілген, көк байрағы, Әнұраны, Елтаңбасы айшықталған Қазақстанды бүгінде білмейтін, танымайтын ел жоқ. Жері бай, пейілі кең, халқы бейбіт те тату тірлік етіп жатқан қауіпсіз мемлекетпен іскерлік, туыстық қарым-қатынас орнатып, байланысты дамытуға кез келген ел мүдделі. Қазақстанның өркениетті елдер көшіне ілесуіне шетелдермен дипломатиялық, іскерлік байланыс орнатудағы кешенді жұмыстардың оң әсерін тигізгені мәлім. Шын мәнінде тәуелсіздік барлық салаға жан бітірді, кез келген адамның құқықтық, азаматтық тұрғыдан өсуіне жол ашты. Егемендік барлық құрылымды биікке көтерді. Соның ішінде қазақстандық сот та бар. Сот саласының қаншалықты дамығанын саралау үшін өткенімізге көз жіберіп, бүгінімізбен салыстырсақ жеткілікті. Қазіргідей түлеген, түрленген саланың тірегі – Тәуелсіздік.

Кешегі материалдық-техникалық мәселесі етектен тартқан, шарасыздықтан құзырлы орындарға тәуелді болған сот билігі қазір жоқ. Тәуелсіздік жылдарын-

да республикадағы барлық соттардың кең де жарық, еңселі ғимараттарда сот төрелігін жүзеге асыруына барлық жағдай жасалды. Бұрын судьялардың тұратын үйі тұрмақ, күнделікті қолданатын кеңсе заттарының өзі жетіспейтін. Ал қазір мұндай жетіспеушілік жойылды. Қағазбастылықтың дәуірі артта қалды. Цифрлық технологияның енгізілуі соттың жеделдігін, ашықтығын, қолжетімділігін арттырып, сапасын көтергеніне баршамыз куә болып келеміз.

Азаматтардың Сот кабинеті сервисі арқылы арыз-шағым, сұраулары мен өтініштерін онлайн жолдауының да қоғамға оң әсері аз емес. Бұл азаматтарды әуре-сарсаңнан құтқарып, уақыты мен қаржысын үнемдеуіне септігін тигізді. Отыз жылдың ішінде қоғамдық қарым-қатынасты реттейтін қаншама заң қабылданды. Сот жұмысының сапасын көтеріп, судьялардың тәуелсіздігі мен біліктілігін нығайтуға батыл қадам жасалды.

Сот сатылары қысқарды, мамандандырылған соттар құрылды, алқабилер соты тәжірибеге енгізілді, медиацияның көмегімен дауды бейбіт шешуге бетбұрыс жасалды. Осының бәрі азаматтардың сотқа қолжетімділігін арттырып, сенімін қалыптастыруға, сот пен халық арасындағы алтын көпірді жалғауға қызмет етті. Қазақстандық соттың басты міндеті – тура да әділ төрелік арқылы азаматтардың сотқа, билікке, елдегі әділдікке деген сенімін нығайту. Бұл мақсатқа тек тәуелсіздік арқылы жеткеніміз ақиқат.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Кез келген нағыз сот реформасының түпкі мақсаты – судьялардың адалдығы мен кәсібилігі, әділдік және әділ сотқа қолжетімділік болып саналатын тәуелсіз және сатылмайтын сот билігі» деген сөзі тәуелсіз сот қалыптастырудың айнасы, бағдары іспеттес. Тұңғыш Президенттің бұл тұжырымы сот билігіне жүктелген тапсырма ғана емес, үшінші билікті қамшылаудың, жұмысын жандандырудың, халыққа жақындатудың бір тетігі десек қателеспейміз. Және бұл тапсырманың қаншалықты сапалы орындалғанын дәлелдеп жатудың өзі артық. Жоғарғы Сот төрағасы Жакып Асановтың жетекшілігімен қолға алынған озық реформалардың бастауында Мемлекет басшысының сотқа берген бағдар, межелері тұр. Соңғы жылдардағы көрсеткіштер бұл тапсырмалардың қаншалықты жүйелі, сапалы жүргізілгенінен хабар берсе керек. Осылай әр саланың дамуына кепілдік берген Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Отыз озық мемлекеттің қатарына қосылуды мұрат еткен еліміздің еңсесін бірге тіктейік!

ПӘРМЕН

АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕУ –
АДАМДЫҚҚА ЖАТ



Тимур ЮСУПОВ,
Алматы облысының аумақтық жеке сот
орындаушысы

Алимент өндіру – жеке сот орындаушылар өндірісіндегі ең өзекті, ең жиі кездесетін мәселенің бірі. Жақындарының алдындағы жауаптылығынан жалтарып жүргендердің көпшілігі ер-азаматтар.

Алимент алимент төлеу арқылы өтеуге тиіс. Әрине, алименттің әке бола алмайтынын, ай сайын берілетін нәпақа ешқандай мейірім мен шуақты айырбастай алмайтынын түсіндіру артық. Алимент – баланың күнделікті ас-тамағына, киімі мен қажеттілігіне берілетін қаражат. Бірақ әкелер төлейтін сома балаларға керектінің бәрін қамти бермейді. Кейбір әкесымақтар тіпті нақты жалақы көлемін жасырып, табысын төмендетіп көрсетіп, балаларына неғұрлым аз көлемде алимент төлеуге тырысады. Ол үшін қандай қулыққа болсын басын тәуекел ететіндер баршылық. Ал кейбір азаматтар мекенжайын ауыстырып, тұрғылықты жерін көрсетпей, алименттен жалтаруға тырысады. Сондағы қашып жүргені – өз балалары. Міне, осындай азаматтарды табу, оларды өз еркімен, уақытында алимент

төлеуге шақыру оңай шаруа емес. Біз қолымыздан келгенше әкесінің қолдауынсыз қалған балаларға көмектесуге тырысып жүрміз. Сот актілерін дер кезінде орындау мақсатында кешенді шаралар қабылдау да біздің негізгі міндетіміз.

Істің алға жылжуына аналардың көмегі аз емес. Әйелдер бұрынғы күйеуінің қайда жүргенін, қай өңірге кетуі мүмкін екенін өзгелерден жақсы біледі. Өйткені, отбасылық өмір кезінде бұрынғы күйеуінің жақындарымен етене таныс болатыны белгілі. Қашқын әкелерді тапқаннан кейін оларға бала алдындағы борышын, парызын түсіндірумен жалғасады. Осы түсіндіру жұмыстарынан кейін алимент төлеуге тырысатындар бар. Сондай-ақ, кейбір әкелер жаңа отбасының бар екенін, тұрақты жұмыс таппаған соң аз-маз табысын екі отбасыға жеткізе алмай жатқанын айтып ақталады. Мұндайда жеке сот орындаушылар әкімдік, жеке кәсіпкерлермен жұмыс жәрмеңкесін өткізіп, борышкер әкелердің тұрақты жұмыс табуына жол сілтеп, көмектесіп жатады.

Жеке сот орындаушылардың бұл әрекетін де жауапсыз қалдырып, алимент төлеуге тырыспайтын жандар да аз емес. Мұндай жағдайда «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңын басшылыққа ала отырып борышкерге пәрменді шаралар қолдануға тура келеді. «Жеке сот орындаушысының алименттерді және жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша мәжбүрлеу шараларын қолдануына байланысты қызметіне ақы төлеу мөлшерін белгілеу туралы» Үкімет қаулысына сәйкес, жеке сот орындаушының алиментті және жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша мәжбүрлеу шараларын қолдануына байланысты қызметіне ақы төлеу бір атқарушылық іс жүргізуге 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленген. Сондай-ақ, жеке сот орындаушыларға алимент төлемей қашып жүрген борышкерлердің Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеп, мүлкін тәркілеп қоймай, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 669-бабына сәйкес, 10 АЕК көлемінде айыппұл салып немесе 5 тәулікке дейін қамауға алу және де қылмыстық жауапкершілікке тарту сынды шараларды қолдануға толық құқық берілген.

ТҰҒЫР

БАҒДАР



СОТТЫҢ АБЫРОЙЫ
МЕМЛЕКЕТТІҢ АБЫРОЙЫНАН
БӨЛІНБЕЙДІ

Қорқыт бабамыз: «Өткен күн, кеше – тарих, келер күн, ертең – сыр, бүгінгі күн – сый» деген екен. Халқымыздың өткен күнге өкінішінен гөрі, тәубесі басым. Себебі, біз – тәуелсіздік деген тәтті ұғымның тарихта таңбаланған сәтіне куә болған санаулы халықтың біріміз. Бізге бабалар аманат еткен азаттықты көзбен көріп, жүрекпен сезіну бақыты бұйырды. Ал мына дөнгеленген дүниеде жері болса да, жетекте жүрген, тілі болса да тілмашпен сөйлескен елдер қаншама! Оның дәлелі әлемде екі мыңнан аса ұлт пен ұлыс болса, соның арасында өз тәуелсіздігіне қолы жеткені екі жүздей ғана. Сол тұғырлы мемлекеттер қатарында Қазақстанның да тұрғанын мақтанышпен айтуға тиіспіз.

Тәуелсіздік – біз үшін қасиетті де қымбат сый. Қилы тарих шырмауынан көне дәуірдің мұрасы ретінде сөз құдіреті мен заң құдіретін сақтап қалған халқымыз бостандық, тәуелсіздік ұғымдарына жіті мән беріп, оны сақтап қалуды мәңгілік мұрат тұтты. Алаш елінің көптен күткен арманы орындалып, тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміздің алдында бүкіл қоғамдық, құқықтық, экономикалық және әлеуметтік қатынастарды реформалау қажеттігі туындады. Бұл – ел басындағы азаматтардың сыналатын шағы еді. Араға отыз жыл салып, біз Елбасы бастаған тәуекелшіл азаматтардың осы сындарлы шақтан сүрінбей өткеніне көз жеткіздік. Осы ретте Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздікті алудан, тәуелсіздікті ұстап тұру қиын» деген терең мағыналы сөзі еріксіз еске түседі. Шынында да тың жерге түрен салғандай тәуелсіздігін енді алған мемлекетте жұмыс істеу, алға жылжу «жеті рет өлшеп, бір рет кесуді» талап етеді. Мұндай кезде қате жасалған бір қадам мемлекетті бірнеше жылға кейін шегіндіруге әкелетіні белгілі. Дәл осы тұста жауаптылық жүктелген азаматтардың ел сенімінен шыққанына, үмітті ақтағанына тарих куә.

«Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» 1990 жылғы 25 қазандағы декларациясы қазіргі сот жүйесін қалыптастырудың басты құжаты болып табылды. Аталған декларацияда алғаш рет мемлекеттік билікті заң шығару, атқару және сот билігі деп бөлудің маңызды қағидалары айқындалды. Өзге салалармен бірге тәуелсіздік сот саласының

да бұғанасының қатып, белінің қатаюына ықпалын тигізді. Мемлекет тарапынан сот саласын дамытуға жасалған қолдау, қамқорлық аз емес. Өйткені, елдегі қауіпсіздік, әділдік, туралық ұғымның бәрі сот жұмысының сапасымен өзектес. Азаматтардың сотқа деген сенімінің өзі мемлекеттік билікке деген сенімнің бастауы. Соттың абыройын мемлекеттің абыройынан бөліп қарамайтынымыз да сондықтан. Абырой мен сенім мысқалдап жиналады. Сот жүйесін жаңғырту мәселесі Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларынан да шет қалған жоқ. Әр жолдау соттағы жаңа бастамаларға жалғасып жатты.

Әсіресе, Президенттің қатысуымен өтетін республика судьяларының съезі тың тапсырма, соны ізденістердің орталығы саналады. Осыған дейін судьялардың 8 съезі өтті. 1996 жылдан бері әр төрт жыл сайын лайықты жалғасып келе жатқан бұл басқосулар да судьялардың өз ойын, өз пікірін ортаға салатын, ортақ мәселені талқылайтын ашық алаңға айналып үлгерді. Отандық заңнамалық базаның толығыуы, тергеу сотының құрылуы, медиация институтының жандануы, мамандандырылған соттардың қызметке кірісуі, жаңа әкімшілік соттардың пайда болуы осы съездердегі тапсырмалар жемісі.

Тәуелсіздік түлеткен сот құрылымындағы ізденістер бір сәт те тоқтап қалған емес. Егемендік есейткен саладағы оң өзгерістер заманауи технологияның көмегімен қарыштап дамуда. Бұрын іс материалдарының судьяларға автоматты түрде бөлінуін, арыз-шағымдардың «Сот кабинеті» арқылы қашықтан қабылдануын, сот отырыстарының дыбыс-бейне жазу құрылғыларына жазылуын, куәлардың шетелде жүріп сот отырысына қатысуын тансық көретін жұртшылық соттардың жаңа технологияны қаншалықты жетік меңгергеніне карантин кезінде әбден көз жетті. Электрондық қызмет игілігінің арқасында сот саласының қызметі бір сәт те тоқтамады. Мұндай заманауи қадамдар алдағы уақытта да жалғаса береді. Ең бастысы, тәуелсіз соттың тірегі болар тәуелсіз еліміз бағытынан айнымай, бағдарынан жаңылмай өркениеттің көшіне ілесе берсін!

Айзада НҰРҒАЛИЕВА,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

МЕЖЕ

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ –
САЛАНЫ АЛҒА БАСТАУШЫ

Республикалық Судьялар одағы қоғамдық бірлестігінің үлкен істердің ұйытқысы болып келе жатқанына ширек ғасыр толды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен қатар келген бұл мерейлі кезеңде көңіл тоқтайтын жаңалықтар мен көрсетіштер аз болған жоқ. 1996 жылдан бері іргелі бастамалардың локомотиві болып келе жатқан Судьялар одағы өз қанатының астына бүкіл судьяларды біріктіре білді. Одақтың ұйытқы болуымен бүгінгі күнге дейін сегіз съезд өтті. Әр съездің сот тарихындағы орны бөлек, әр жиынның көтерген мәселесі сот саласы үшін аса маңызды. Бұл мәртебелі жиындарда сот төрелігін мінсіз ету, судьялар тәуелсіздігіне кепілдік беру, сот жұмысының ашықтығын, қолжетімділігін қамтамасыз ету, жаңа технология жетістіктерін пайдалана отырып сот қызметін оңтайландыру мәселелері рет-ретімен жолға қойылды.

Съездерде көтерілген мәселелер дер кезінде орындалуымен құнды. Қазылар басқосуында айтылған ұсыныстардың, берілген тапсырмалардың орта жолда қалғаны жоқ. Барлығы уақытында оң шешімін тапты. Соның ішінде цифрлық технологияның сот мамандарының, кеңсе қызметінің жандануына, жұмыстың жеңілдеуіне көп ықпалы болғанын айта кетуіміз керек. Айталық, бұрын азаматтар арыз-шағымын беру үшін, өзіне қажетті құжат, анықтамаларды алу үшін сот ғимаратына арнайы келетін. Соттағы кезек көпшіліктің уақытын кепіретін. Жаңа технология жетістіктерінің нәтижесінде жасалған «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі жоғарыдағы мәселелердің бәрін оңынан шешті. Осылайша азаматтар сервисінің артықшылығын қолдана отырып, арыз-шағымын онлайн түрде үйінен, жұмысынан жолдауға мүмкіндік алды. Енді кезек күтудің, жұмыстан қалудың, жол жүрудің қажеті жоқ.

Сондай-ақ, бұрын сот мәжілісі хатшылары сотқа қатысушыларды шақырту үшін хат жазып, оны пошта арқылы жолдап, сот отырысы хаттамасын жазу үшін үлкен қиындықтарға тап болатын. Жаңа технология бұл мәселенің де шешімін тапты. Енді шақырту жіберу үшін поштаға барудың керегі жоқ. Бүгінде хабарлама жолдаудың заманауи түрі көп. Әрі бүкіл сот отырыстары дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен жазылатындықтан, енді сот хатшылары сот отырысын толықтай жазу машақатынан да құтылған. Міне, осы игіліктің бәрі Судьялар одағының жол нұсқап, бастама көтеруімен өз шешімін тапты. Алдағы уақытта да одақ сала жұмысына серпін берері даусыз.

Ерұлан БИМЕНДЕ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының сот приставы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еңбек жолымның 4 жылын жергілікті мемлекеттік басқару органдарында, 26 жылын әділет органдары саласында атқарып келемін.

Еліміз тәуелсіздік алған тұста халқымыз тоқырау кезеңін бастан кешірді. Осы уақытта Достық ауылдық кеңесінің төрайымы, Достық ауылының әкімі қызметтерінде болдым. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге атсалысып, бірқатар маңызды іс-шаралардың жүзеге асуына үлесімді қостым.

Атап айтқанда, еліміздің Ата Заңы – Конституцияны қабылдар тұста референдум ұйымдастырып, ұсыныстар дайындадык. Оны жоғарыға жолдап 1991 жылы 1 желтоқсанда бірінші бүкілхалықтық сайлауда жеңіске жеткен Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың кандидатурасын қолдап, ауыл халқына пайымды да парасатты басшының бағдарламасын жеткізе білдім.

Одан кейін, яғни 1995 жылдың қыркүйек айынан бастап, АХАТ бюросының меңгерушісі, АХАЖ бөлімінің бастығы, Әділет басқармасының бастығы қызметтерін атқардым. Қазіргі уақытта Әділет департаменті басшысының орынбасарымын.

Қай кезеңде болсын, тәуелсіз Қазақстанның кемел келешегі үшін еңбек етуден жалықпадым. Осы орайда, еңбегім де елеусіз қалмады. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тарапынан «II дәрежелі заңгер» төсбелгісімен, «Әділет органдары жүйесін дамытуға үлес қосқаны үшін» медалімен, грамоталар және алғыс хаттармен марапатталдым.

– Еңбек жолыңызда бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсеткен кімдерді үлгі тұтасыз?

– Қызмет бабында ағалық, әпкелік ақыл-кеңестерін айтқан азаматтар аз емес. Атап айтқанда, Өстемір Тілегенұлы, Әнуар Ақжігітов, Маханбет Датхаев, марқұм Әмірбек Ерубас пен Сапаркүл Рсалиева, бергін келе Бақытжан Жұманәліұлы, Роза Шинжирбаева, Шынар Рыспаева, Қуандық Мырзахметов.



Балжан АЛИПБЕК, Түркістан облысы Әділет департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл:

«КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТТІК»

Қазіргі уақытта өзім де аға буын өкілі ретінде жастарға, орта буынға жол сілтеп келемін. Әріптес шәкірттерім еліміздің түкпір-түкпірінде лауазымдық қызметтер атқаруда.

– Түркістан облысы Әділет департаментінің негізгі қызмет бағытына тоқталып өтсеңіз?

– Түркістан облысының Әділет департаменті – мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актілерге мониторинг жүргізеді, Әділет органдарынан және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апиcтиль коюды, азаматтық хал актілерді тіркеуді бақылауды, коммерциялық емес ұйымдарға жататын заңды тұлғалар-

ды және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді, құқықтық көмек пен заңгерлік қызмет көрсетуді, сот актілерінің орындалуын қамтамасыз етуді, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мен сақтау саласы бойынша міндеттерді жүзеге асырады.

Сондай-ақ, «Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу», «Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғаларға аттестаттау жүргізу», «Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетеді.

– «Әйел бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербетеді» деген.

Мансап пен отбасын қатар игеру қиындық туғызған жоқ па?

– Өз жұмысыма деген қызығушылығым басым болғандықтан, аса қиын болды деп айта алмаймын. Бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірдім. Ұл-қыздарымның саналы тәрбие мен сапалы білім алуына ден қойдым, еңбекқорлыққа баулыдым. Бүгінде перзенттерім жоғары білім алып, халыққа адал қызмет етіп жүр. Ұлым Әділхан – әскери салада басшы қызметте, үлкен қызым Гүлмира – мұғалім, Алматы қаласындағы мектеп-лицейде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, кіші қызым Жансая «Болашақ» бағдарламасы арқылы АҚШ-тың Пенсильвания университетінде заңгер мамандығы бойынша білім алған. Немерелерім де білімге құштар болып өсіп келеді.

дың санатына жатқызылып, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп өзгертілді.

Түркістан қаласы экономикалық-әлеуметтік хәм мәдени-рухани жағынан дамуға бет алды. Құрылыс нысандары қарқынды жүруде. Әсем ғимараттар бой көтеріп, қала көркін ашуда. Орталық Азиядағы ең ірі «Керуен сарай» туристік кешені ашылды.

Түркістан – көптеген ілімдердің басы, халықты біріктірудің орталығы, ата-бабаларымыздың рухы және Ұлы Жібек жолы өткен жарқын болашақ көпірі. Қазақстандағы туризм мен қонақжайлылық саласында халықаралық деңгейдегі жоғары білікті мамандарды дайындайтын бірінші мемлекеттік профилді Халықаралық

туризм және меймандостық университеті ашылды.

– Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлап жатқан елге қандай тілек айтар едіңіз?

– Тәуелсіздік – дәуір тірегі. Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай! Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, бастамаларыңыз сәтті болсын!

– Сұхбатыңызға рақмет! Бейне-тіңіздің зейнетін көріңіз!

Сұхбаттасқан
Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ШКІР

ЕСІРТКІ ЕЛГЕ ЗИЯН



Эльмира ОЙКУЛОВА,
Атырау қалалық №2 сотының судьясы

Есірткі, маскүнемдік, жемқорлық. Ары қарай тізе берген сайын төбе шашың тік тұрып, «Мұның бәрі елімізге қалай келді?», «Осынау қатерлі дерттің тамырына қайтсек балта шабуға болады?» деген беймаза сұрақтар көкірегіңді еріксіз мазалайды. Соның ішінде егеменді еліміздің болашағы – жастарды тура жолдан тайдырып, үміт-арманын тас-талқан етіп, құрдымға батыратын есірткіге тәуелділік туралы ерекше айтқан жөн. Есірткіге еліккендер келешегі баянсыз «тірі өліктер» ғана емес, олар қоғамға, айналасындағыларға, дос-жарандарына кесір-кесапат әкелетін қылмыскерлер екенін ашып айтуымыз керек.

Есірткінің кесірінен қаншама шаңырақ ойран болып, ортасына түсті? Қаншама сәби әке-шешесінің аялы алақанының жылуын сезінбей, тірі жетім атанды? Есірткінің дертіне шалдыққандар дер кезінде естерін жиып, бәз-баяғы алансыз өмірлеріне қайта орала ала ма, жоқ, әлде бастарын есерлікпен сұққан ортаға одан әрі бата бере ме?! Ерік-жігерлері мықтылардың арасында қасіретті әдеттен мүлдем бас тартып, салауатты өмір салтына қайта оралғандар да баршылық. Өкінішке қарай, олардың саны өте аз. Өйткені, есірткінің есігі кірушілер үшін айқара ашық болғанымен, шығуға ұмтылғандарға мүлдем жабық деуге болады. Олар өздерінің қорасына кіргендерді миларын дуалағандай, қанды шенгелімен шырмап, шегінерге жол қалдырмайды.

Өркениет жетістіктері өмірімізге дендеп енген

сайын апиын, кокаин, героин, гашиш, ЛСД, первитин, амфетамин, экстази түйіршігі, МДМА, крэк, тағысын тағы көз көріп, құлақ естімеген небір есірткі түрлері де өз тұтынушыларын табуда.

Деректер мен дәйектер көзіне жүгінсек, есірткінің отаны – Ауған елінде халыққа апиын көкнәрін өсіруге тыйым салудың сәтсіздікпен аяқталғаны ресми түрде мойындалғаннан кейін есірткі өндіру мүмкіндігі күрт артып, жыл ішінде 5,9 мың тоннадан астам апиын жиналған. Бұдан шығатын қорытынды, ауғандық алыпсатарлар апиын көкнәрінің 99,9 пайызын табыс табу үшін ТМД елдеріне таратуы әбден мүмкін. Соның ішінде нашакорлар саны жылдан-жылға көбейіп келе жатқан біздің Атырау облысы да бар.

Сондықтан да адамзатты апатқа сүйрейтін індет – нашакорлыққа қарсы күреске осы бастан дайын болуымыз керек. Ауғанстанды айтпай-ақ қоялық, өзіміздің еліміздің ішінде Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында құрамында есірткісі бар өсімдіктерді заңсыз өсіру етек алып барады. Атақты Шудың өзіндегі қарасора өсетін алқаптың жалпы аумағы 140 мың гектардан асып жығылады. Тағы да цифрлар мен фактілерге жүгініелік. Ресми деректерге сенсек, еліміздегі нашакорлардың 60 пайыздан астамы 18-19 жас аралығындағы жастар екен.

Марк Твен «өмірде өтіріктің үш түрі бар: жай өтірік, арысз өтірік және статистика» дегендей жоғарыдағы келтірген фактілерді қайсысына жатқызу қаншалықты шындыққа сай келетінін тап басып айту қиын. Сондықтан да статистикаға сүйеніп көрелік. 2020 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін облыс соттары бойынша есірткі ісіне қатысты 120 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, оларға әртүрлі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Мәселеге тереңірек мән берсек, Ауғанстан, Орта Азия елдерінен Ресейге өтетін есірткі транзитінің тұрақты бағыттары Орталық және Батыс Қазақстан өңірі болып табылатындығын естен шығармаған абзал. Есірткі бизнесінің артында көпшіліктің көзіне түсе бермейтін мүдделі топтар да болуы мүмкін. Құқық қорғау органдары есірткі тасымалдаушыларды ұстағанымен, оның ар жағындағы иелері «сахнаның сыртында» қалып қоятыны сөзсіз.

Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, нашакорлық дертінің, қоғамымыз, мемлекетіміз үшін қандай зиян екенін бәріміз де жақсы білеміз. Сондықтан да, дендеп бара жатқан есірткі дертіне бүкіл қоғам болып бірлесе күресейік дегім келеді.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ҮКІМ

ІШІМДІК – АДАМ ӨЛІМІНЕ СЕБЕПШІ

Ақтөбеде азаматтық некедегі әйелін өлтірген ер адамға сот үкімі шықты. Сотталушы марқұмның мәйітін пәтерінде кілемге орап, бір ай бойы сақтаған. Көршілері жағымсыз иістен сезіктенбеу үшін бөлменің есік-терезесін ашып, желдетіп отырған көрінеді.

Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 50 жастағы ер адамға қатысты үкім шықты. Қылмыстық істің материалдарына қарағанда, Хромтау ауданының тумасы былтыр тамыз айында азаматтық некедегі әйелін өлтірген. Қанды оқиға болатын күні 55 жастағы әйел сотталушының үйіне мас күйінде келіп, ішімдік сұраған. Ер адам алғашында оған сұрағанын алып береді. Соңынан әйел ұйықтап қалады. Келесі күні ұйқыдан ояңған марқұм тағы да ішімдік сұраған. Ер адам бұл жолы да оның айтқанымен келіседі. Бірақ әйел шектен тыс ішімдік іше бастағандықтан, екеуінің арасында жанжал туындайды. Сол кезде ер адам ашуланып, марқұмды кеудесінен жұдырығымен ұрып, екі рет теуіп жібереді. Соққы салдарынан марқұм әлсіреп, төсегіне жатып қалады. Ал ер адам пәтердің есігін жауып, кетіп қалады. Тек келесі күні үйіне оралғанда, азамат некедегі әйелінің өліп қалғанын көріп, қылмысын жасырмақ болады. Ол бір ай бойы марқұмның мүрдесін кілеммен жауып, үйінде сақтаған. Қылмыс көп ұзамай ашылған. Бұл оқиға жөнінде облыстық полиция департаменті бұған дейін хабарлаған болатын. Полицейлердің мәліметінше, марқұмның күйеу баласы енесінің жоғалып

кеткенін айтып, полицияға арызданған. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында әйелдің спирттік ішімдіктерді тұтынатыны және үйден жиі кететіні анықталған. Полицейлер Нұр-Сити ауданындағы пәтерлердің бірінен зорлық-зомбылық белгілері бар мәйіт табады. Күдікті пәтерде жалғыз тұрады, көршілерімен араласпайтын болып шықты. Ер адам бір ай бойы жұмысқа шықпаған екен. Күдікті ұсталып, кінәсін мойындаған. Сотталушыға Қылмыстық кодекстің 99-бабы 1-бөлігі (Адам өлтіру) бойынша айып тағылды.

– Сот мәжілісінде прокурор 12 жыл, ал жәбірленуші қатаң жаза тағайындауды сұраса, сотталушы мен оның қорғаушысы актауды сұрады. Сот қылмыстық жаза тағайындау кезінде сотталушының қылмыстық жауаптылық пен жазасын жеңілдететін мән-жайлар ретінде кінәсін ішінара мойындағанын ескерді. Сот үкімімен сотталушы Қылмыстық кодекстің 99-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтейді, – деп хабарлады облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының баспасөз қызметі.

Сондай-ақ, сот сотталушыдан жәбірленушінің пайдасына 7 миллион теңге моральдық зиян өндірді. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ



МЕРЕЙ



Қоғамның қозғаушы күші – жастар. Сондықтан да олардың ел тірегі екенін естен шығармаған жөн. Әлемнің дамыған елдерінің қатары-

на кіруі жолында жастардың атқаратын еңбегі зор. Ел ертеңі – білімді, білікті жастардың қолында.

Қазақстандық полиция қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында табысты жұмыстар атқарып келеді. Бүгінде бұл саладағы мыңдаған қызметкер өздерінің міндеттерін адал, әрі мінсіз атқарып жүр. Мұратов Азамат Қанатұлы сондай үлгілі жастардың бірі. Тәуелсіздіктің түйедей құрдасы. Алматы 1 ст. желілік полиция басқармасы Алматы 2 ст. желілік полиция бөлімшесі криминалдық полиция тобының жедел уәкілі, полиция лейтенанты. Ол теміржол торабында құқықтық тәртіп пен ел қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Көліктегі полиция департаментінің ұйымдастыруымен өткізілетін спорттық

сайыстарға белсене қатысып, басқармаішілік сайыстарда еркін күрестен (спорт шеберлігіне үміткер) жүлделі орындарға ие болып жүр.

Бала күнінен полицейлер жайында фильмдерді қарап, солардың іс-әрекеттеріне еліктеп, соларды пір тұтып өсті. Азамат Қанатұлы бүгінде Алматы 1 ст. желілік полиция басқармасы Алматы 2 ст. Желілік полиция бөлімшесі криминалдық полиция тобының жедел уәкілі болып қызмет атқарады.

Жедел уәкілдің негізгі міндеті қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтарымыздың жеке қауіпсіздігі мен заңды мүдделерін қорғау.

Жедел уәкілдің бойында қандай қасиеттер басым болуы керек? – деген сауалға Азамат – жедел уәкілдің бойы-

нан табылуы тиіс қасиеттер, біріншіден, жедел уәкіл әділдік, адамгершілік, шынайылық қасиеттерін бойына сіңіруі тиіс. Елбасымыз өз сөзінде: «Біз жұмыс істемейміз, біз елге қызмет етеміз» деп қадап айтқан болатын. Расымен де, құқық қорғау органы қызметкерлері еліне адал қызмет етуі үшін ең әуелі осы қасиеттерді бойына сіңіруі керек. Сонда ғана халық олардың қызметіне жоғары баға береді, – делі.

Кез келген мемлекеттің теміржол көлігі – оның көлік жүйесінің жетекші орнын иеленеді. Себебі, ондағы жүк айналымы мен жолаушылар тасымалы басқа көлік түрлеріне қарағанда анағұрлым ауқымды. Көліктегі ПД еліміздің теміржол және әуе көлігі нысандарындағы қауіпсіздікті нығайту мен оларда орын алған қылмыстарды

ауыздықтау шараларын жүзеге асырады. Сондықтан болса керек, айтулы нысандарда қоғамдық қауіпсіздік пен азаматтардың құқын қорғау ісі көлік сақшыларынан ерекше қырағылық пен қажырлықты талап етеді.

– Тәртіп сақшысы болу – мен үшін үлкен жауапкершілік. Әрбір полицей елінің қорғаны болуы керек. Тәртіп сақшыларының қызметін оңай деп есептеу үлкен қателік. Себебі, полиция ар-омжандының алдында таза, қандай қиындықтар мен кедергілер болса да шылдамдылық танытып, тәртіп пен заңды бөрінен үстем қояды. Тұла бойында өз ісіне деген адалдық пен кәсібилік әскери мінезбен бірге қалыптасуы керек, – дейді полиция лейтенанты Азамат Қанатұлы.

Алматы 1 ст. ЖПБ

ӘРТУРА

2. «SF Offline» (СФ Оффлайн) «МҚҰ» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының 04.11.2021 жылғы №4 хаттамасына сәйкес серіктестіктің жаңа орналасқан жері келесі мекенжай бойынша бекітілді: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 502 үй, 8 қабат.

5. 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» ҚР заңының 44-бабына сәйкес, «БҚО білім басқармасы» МБ әлеуетті жекеменшік әріптестік Батыс Қазақстан облысының білім беру нысандарына қолжетімділікті бақылау мен «Smart мектептер» жүйесін орнату және техникалық қызмет көрсетуде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасының бастамасы туралы хабарлайды.

Жобаны жүзеге асыру үшін негізгі мәлімделген техникалық көрсеткіштер:

Бет сәйкестендіруімен (Face ID) ҚББЖ (қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесі) жабықтау және қызмет көрсету объектілерінің саны – 601.

Жобаны іске асыру мерзімі: 6 жылдан аспайды.

Жобаны іске асыру орны: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы,

Бюджеттен сұратылатын төлемдер: тең үлестермен 5 жылға қолжетімділік үшін төлемі. Жобаның жалпы құны 3 528 (үш миллиард без жүз жиырма сегіз) млн теңге. Орнату мерзімі келісім шартқа отырған уақыттан бастап 130 (жүз отыз) күнтізбелік күн.

Инвестициялардың қаржылық құрылымы: әлеуетті Жеке серіктестің 100% меншікті қаражаты.

Мемлекеттік қолдау шаралары: қолжетімділік үшін төлемі.

Жекеменшік мыналарды жүзеге асырады және жауапты болады:

1) жеке қаражат есебінен МЖӘ жобасын қаржыландыру;

2) сапалы қызмет көрсету;

3) жабыдықпен қамтамасыз ету және бағдарламалық қамтамасыз етуге қызмет көрсету.

Жоба техникалық күрделі және (немесе) бірегей жобаға тиесілілігі «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 Бұйрығына сәйкес объект техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатпайды.

Жоспарланған МЖӘ жобасын іске асыруға мүдделі әлеуетті жекеменшік әріптестер жоспарланған жобаны іске асыру мүмкіндігі туралы балама ұсыныстар ұсына алады.

Баламалы ұсыныстар «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 Бұйрығының 130-тармағында айқындалған талаптарға, сонымен қатар жобаның жүзеге асырумен тығыз байланысты сертификаттардың болуымен қосымша біліктілік талаптарына сәйкес келуі: ISO 15504 – 2018: Бағдарламалық қамтамасыз ету процесін бағалау жүйесі, ISO 20000 – 2017: IT қызметін басқару ұйымы, ISO 25051 – 2014: бағдарламалық қамтамасыз ету инженериясы – жүйелер мен бағдарламалық қамтамасыз ету үшін талаптар мен сапаны бағалау, ISO 27001 – 2017: Ақпараттық қауіпсіздік стандарты, ISO17 – 202: Ақпараттық технологиялар – Қауіпсіздік әдістері – Ақпараттық қауіпсіздікті басқару үшін ұсынылатын ережелер жиынтығы, ISO 27017: Ақпараттық технологиялар – Қауіпсіздік әдістері / Бұлттық қызметтерге арналған ISO/IEC 27002 негізіндегі ақпараттық қауіпсіздікті басқару ережелерінің жиынтығы, ISO 27018: Ақпараттық технологиялар. Қауіпсіздік әдістері. РП өңдеушілері ретінде әрекет ететін жалпыға ортақ бұлттарда жеке сәйкестендірілетін ақпаратты (РП) қорғау ережелерінің жиынтығы, ISO 12207 – 2017: жүйелі және бағдарламалық қамтамасыз ету инженериясы – бағдарламалық жасақтаманың өмірлік циклі процестері

Ақпарат алмасу үшін байланыстар Балама ұсыныстар жазбаша түрде мына мекенжай бойынша ұсынылады:

Әлеуметті жеке әріптестер конкурсына қатысуға арналған конвертке жапсырылған конкурстық өтінімді Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ескалиев көшесі, 72 үй, №209 кабинет «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» ММ мекенжайына қолма-қол тапсырады.

Конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімдерді ұсынудың ақырғы мерзімі 2022 жылы 17 қаңтар, жергілікті уақыт бойынша 11.00-ге дейін.

Конкурстық өтінім салынған конверттерді ашу Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ескалиев көшесі, 72 үй, 216-кабинет мекенжайы бойынша 2022 жылы 17 қаңтар жергілікті уақыт бойынша 15.00-де жүзеге асырылады.

Анықтамалық ақпаратты «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» ММ 8 (7112) 260384, 260478 телефоны бойынша алуға болады.

7. ЖАРНАМАЛАУ АУБАСТІ БІРІНШІ САТЫДАҒЫ СОТ (ОТБАСЫ СОТЫНЫҢ АТАУЫМЕН)	
НЕГІЗГІ НӨМІРІ: 2016/282 Нөміз	
ЖАУАПҚЕР: RIANA BADALOVA GULEY-05.11.1983 жылы туған Камилжанқызы мен Фердоус қызы	
Сізге талап қоюшы ашқан неке одағының іргетасының шайқалуына байланысты, ажырасу туралы іс бойынша сотта;	
Сотта өтініште көрсетілген мекенжайға тыңдау күні көрсетілген шақыру құжаты қосылды. Бұл құжат сізге хабарланбады, өйткені сіз мекенжайыңызда емессіз. Осы себепті өтініш пен тыңдау күнін хабарландыру арқылы сізге хабарлау туралы шешім қабылданды. Жарнамалау.	
Сізге қатысты ажырасу туралы іс бойынша талапкер Чингиз Гюле қатысты. Тыңдау 12.11.2020 жылы 10 : 10 ге өтеді деп шешілді, сіз сот отырысына жеке қатысуыңыз керек.	
Сот процесіне сіз қатысуыңыз керек. Немесе сізге прокси ұсынылуы керек, әйтпесе сот ісі сізсіз жалғасады.. Бұл мәселелер хабарландыру арқылы хабарланады. 11.03.2020	
Сот қызметкері 240941	судья 214797

11. Павлодар қаласының әкімдігі Павлодар қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 23 қарашадағы №1947/6 қаулысы негізінде «Коммунсервис» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, БСН 000240002637, оған «Горкомхоз» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын, БСН 080540016107 қосу жолымен қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарламасы жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25 үй, «Павлодар қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ мекенжайы бойынша қабылданады.

12. «Ерейментау ауданы ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 130440022259, өзінің «Ерейментау ауданы кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, БСН 060140010566, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Ерейментау қаласы, әл-Фараби көшесі, 23 үй.

13. «Талғар» несие серіктестігі» ЖШС, БСН 031240002239, өзінің несиелершілі мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталының 16 700 000 теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Лермонтов көшесі, 53Б.

20. «Буланды-Астық» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 081040005196, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Буланды ауданы, Макинск қаласы, Солтүстік-Батыс аймағы, №1 ғимарат.

21. «Qaz-Qar Ltd» ЖШС, БСН 170140030454, СҚО, Айыртау ауданы, Володарский с.о., Саумалкөл с., Бөйкен Өшімов к-сі, 64 ғ. мекенжайы бойынша орналасқан астық қоймасының мүліктік кешенін жоспарланған иеліктен шығару туралы хабардар етеді.

ТАРАТУ

6. «Ақ Байлық» ЖШС, БСН 090840001290, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Қостанай-2, Өндірістік аймақ. Тел.: 87019102187.

8. «Жедел Құтқарушы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. БСН 200340009332, тіркелген күні 10.03.2020ж., Барлық талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: инд. 120300, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Хорсан Ата даңғылы №201 үй тел: 87016439778

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ai@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058417221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вылдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы №98 санында)

– «Варвар» деген жабайыларды да білмеймін.

–Түсінікті, жүр бізбен, бір жерге барып отырайық, батыр. Бұлай далада тұрған ұнамай тұр.

Кафе іші. Қою күнгірт тартқан қабырғалары кеудеге қорқыныш ұялатардай. Шулы кафе емес, қарапайым, қонақтар да аз. Нұрбол Атаманды ертіп кірді. Кірген бетте төрдегі үстелге қарай бастады. Төргі үстелде екі жігіт отырды. Біреуі – Көкжал. Атаман Көкжалды көре сала біреуге ұқсатты. Оған тесіле қарап әбден ойланды, ойлана-ойлана оның Торғынды өлтірген қылмыскер екенін аңғарғандай. Торғынды атып кеткен күні олар бейнебақылауға түсіп қалған болатын. Қылмыскерлер түскен бейнежазбаны бармен жігіт жасырын Атаманға жеткізген. Ол болмаса, кімнің қылмыс жасағаны жабық күйінде қалар ма еді, кім білсін? Атаманның көзіне қан толып өз-өзін әрең ұстап отыр. Төс қалтасындағы қаруды сыртынан сипап қойып, қалай орналасқанын тексеріп алды. Қолына алуға ыңғайлады.

– Ал, жігіттер! Мына батырмен таныса отырындар. Бүгін біздің үш жігітті базарда соғып кетіпті, – деп Нұрбол қолын ысқылап, келесі бөлмеге өтіп кетті. Атаман Көкжалға қарсы отырды. Жүзіне әбден анықтап қарап алды.

– Қай жердің мықтысысың? – деді Көкжал Атаманды жақтырмай.

– Осы жердің, – деді Атаман қырсығып. Оған Көкжал менсінбеген күйі мысқылдай күлді де:

– Біз барлық жердің, – деді. – «Титаник» кафесінен сендерді көрген сияқтымын, – деді Атаман бірден.

– Жүрші, сыртқа шығып шылым шегейік, – деп Көкжал орнынан тұра бастады. Атаман соңынан еріп, кафенің артқы есігінен далаға шықты. Кафе арты қоршаулы, оңаша және ыңғайлы екен. Атаманға бұдан асқан ыңғайлы уақыт пен ыңғайлы жер табылмас.

– Ал, айта бер, әңгімен көп секілді, – деді Көкжал шылымын тұтатып тұрып.

– «Титаник» кафесін білесің ғой, сонда болдың, мен ол жақтан сендерді бірнеше рет көрдім, – деді Атаман сыр білдірмей. Көкейінде еш күмән жоқ Көкжал самарқау жауап бере салды.

– Иә, болдық ғой.

– Әкімгер келіншек сондай әдемі, иә, – деді Атаман Көкжалға қарап жымыып.

– Кім әкімгер?... Ә, ақ етікті айтасың ба? – деді Көкжал.

Атаман осы сәтте Торғынның аяғындағы ақ етікті ойлады. «Титаник», әкімгер, ақ етік деген сөздер санасында жаңғырып, басын қатты ауыртып, бойында кек қайнады. Ашуға булыққан ол қалтасынан қаруын суырып алды.

– Ол менің әйелім еді... Түсінесің бе, иттің күшігі, – деп Көкжалдың бір қолымен алқымынан алып қабырғаға тақады. Атаманның қарулы қолына шыдамай Көкжал тұншыға бастады.

– Мен ештеңе білмеймін, шатастырып тұрсың,– деді Көкжал ынырси.

– Білгенде жақсы білесің, сен ит,–деп Көкжалды кеудеден атып жіберіп. Атаман сәл абдырап қалды. Бірақ, оған еш қиналған жоқ. Терең күрсіне, жылдам демала өзінің іс-әрекетіне қарап жатпай кафе ішіне кіріп келді. Бұл сәтте қарудың даусын естіп Нұрбол да екінші қабаттан түсіп келе жатқан еді. Қолында қаруы бар Атаманды көріп бір орында тұрып қалды.

– Мен итіңді атып тастадым, – деді Атаман саспай.

– Мен қоңырау соғамын. Қылмысыңды мойнынмен көтеруге тиіссін, – деді Нұрбол. Атаманның ойына бірден түрме түсті. Қоңырды есіне алып, күрсініп, өзінің темір торға кететінін түсінді. Нұрбол әлдекіме қоңырау шалып тұрды. Атаман ол полиция шақырып жатыр деп ойлады.

– Басеке, қайырлы кеш тілеймін! Сіз іздеген адамды таптым. Менің ең мықты үш бөрімді сабап, бір көкжалымды шімірікпестен атып тастады. Өзі денелі, мығым және ширақ екен, – деп Нұрбол біреумен көңілді әрі самбырлай сөйлесе

жөнелді. Атаман Нұрболдың өзін біреуге тапсырып жатқанын түсінді.

– Жатып демал, батыр, үйіңе қайт. Қолыңды жу, ертең кешке сені біздің жігіттердің өздері тауып алады, – Нұрбол Атаманды кафеден шығарып жіберді.

Көлікке мінген Атаман қалада жүйткіп келеді... Кек қайтты...

Таңда Атаман ұйқысынан ояңғанда Қоңырдың сырқаттанып жатқанын аңғарды. Ұлын көтеріп алды да, көлікке отырғызды. Дәрігерге барайын десе, баласын қарататын ақшасы жоқ болып шықты. Қоңыр жүдеп қалыпты. Ауырған Қоңырды Атаман Алматыдағы ең атакты «Ақ әулие» деп аталатын тәуіпке алып келді. Тәуіпке келушілер мұнша көп болар

жақын келді. Атаман оларға қарап тұрды.

– Басеке, келді, – деді Нұрбол. Министр оларға бұрылып қарады. Атаман өз көзіне өзі сенбеді. Ол күнде теледидардан көретін адамын көрді. Министр әр кеш сайын теледидарда ұлт қауіпсіздігі, ел бірлігі, тұрақтылық пен тыныштық жайлы баяндамалар оқып елдің ықыласына бөленетін.

– Жайғасындар! – деді министр көңілді күймен.

– Ракмет, басеке.

– Виски ме?

– Жоқ, басеке, ол ішпейді. Бірден шаруаға көшкісі келеді, – деді Нұрбол.

– Ендеше, оған қаруды бер. Ертең сағат үште Кеңесшілер сарайында жиын

АТАМАН



ма? Ұзын-сонар кезек. Бұл күтіп отырған. Тәуіп: «кірсін», – депті. Кезексіз. Таң қалды!..

– Ассалаумағалейкүм!– деп амандасты Атаман. Тасбиық тартып отырған тәуіп ернін ғана жыбырлатты. Отыр деп ишарат етті. Қоңырды алдына алып Атаман отырды. Тәуіп балаға тесіліп ұзақ қарады.

– Бер, – деді. Берді. Баланың тамырын ұстап, басын, аркасын, ішін сипап қарады. – Ештеңе етпейді, ем жазып берем жазылады. Атаман қуанып қалды. Енді Атаманға шүйлікті. Көзі тұңғыық екен.

– Мойнында қан бар, тағдырың таразы үстінде тұр, бәрі өзіңе байланысты. Сол түні әйелін көрген түске мән бергенде мұның бірі де болмас еді. Тағдырдың жазуы, қайтпексің?

– Жол көрсетіңіз, – деді Атаман.

– Ұлыңды сақта! – деп тәуіп ұзақ ойланды.

– Саған баланың алаңсыз өмірі мен амандығы да керек! Ал біреулер балаға зар, – деп тәуіп жұмбақтады.

– Жакында бір ұсыныс болады, сен мәжбүрсің, бас тартпа, – деді тәуіп. Атаман жақтырмай қарады...

Кеш. Алматының шамдары жанып, қала тіршілігі гүрілдеп, қайта жанданғандай болды. Атаман Қоңырды тағы да Әселге тапсырып, өзі Нұрбол шақырған үйге барды. Тау баурайындағы екі қабатты кең үй екен.

– Келдің бе, батыр? Кіреміз,– деп Нұрбол алып қақпаны айқара ашты.

Атаман екеуі ішке кірді. Аула толы шынжырлы алып иттер. Оларға арсалдай келіп үргенде жақындап келіп, мойнындағы қарғы бауды тартып кеп жіберіп, иттер іркіліп қалады. Үйге кірді. Жарық шамдар зәулім үйдің шырайын кіргізіп тұр. Ортаңғы кең залда сигараның қою түтініне қақалып отырған ірі денелі, кең қарынды министр отыр. Қылмыстық топқа басшы болып жүрген Нұрболдың өзі кеудесін төмен иіп амандасып жанына

өтеді. Жиынға мен де қатысамын. Өлгі менің досым шамамен үш қырық бесте баяндама оқу үшін мінбеге көтеріледі. Қарсыдағы пәтерді жігіттер жалдап қойды. Яғни, арғы жағын өзін түсіндір, Нұрбол, – деді де министр вискиін қолына алып тұра берді.

– Басеке, баласын қайтеміз. Жалғыз ұлы бар екен, – деді Нұрбол. Сол сәтте министр Атаманға жалт қарады. Біраз қарады да, оған қарай жақындап келді.

– Нұрбол, ұлды осында алып кел. Ал сен ешқашан оның болашағына аландама. Саған оны сау күйінде, аман-есен тапсырамын, – деп министр уәдесін берді.

– Мені қанша уақыт ұстайды? – деді Атаман.

– Ұлың үшін бәріне төзесің, – деді Нұрбол.

Түстен кейінгі уақыт. Кеңесшілер сарайына қарама-қарсы биік үйлердің алтыңшы қабатына келіп Атаман орналасты. Қалың да ұзын қара сөмкесінен қашықтықты дәлдеуге арналған винтовкасын алып шықты. Сағат тілі үш жарымды көрсетті. Терезе пердесін ысырды да, Кеңесшілер сарайының терезесінен зал ішін түгел шолып шықты. Кешегі министр мінбеде көсіле сөйлеп тұрды. Қолын оңды-солды сермеп қойып әлденені айтып жатыр, айтып жатыр. Үштен қырық бес минут өткен уақытта тағы бір министр мінбеге көтерілді. Атаман қолындағы суретке қарады. Бұрыл қалың шашты елуден асқан кісі екен. Мінбедегі министрдің дәл өзі. Атаман оны біраз көздеп тұрды да, ұлының болашағы үшін, өзінің тағы бір қылмысын жуып-шаю үшін шүріппені басып қалды. Кеңесшілер сарайы азан-қазан шу болып, дүрлігіп кетті. Атаман қаруды бөлмеге лақтырып тастады да, біреудің асыл жарын, тірегін, біреудің әкесін, біреудің бауырын атып тастағанына қатты өкінді. Жанарына мұң толып, сол бір іште қайнаған кектің осындайға әкеліп соққанын енді ғана біл-

ді. Зұлымдыққа зұлымдықпен жауап беру кезінде жазықсыздардың қаны төгілетіні несі? Атаман шарасыздан отыра кетті, Қоңырын ойлады, келер күнін ойлады.

Қараңғы бөлме. Тергеу бөлмесі. Төбеден түскен аспалы шам сығырайып қана жанады. Тергеуші бөлмеге кірді де, құжаттарды үстелге лақтыра салды.

– Тапсырма берген кім? Әлде мәжбүрлік пе?

– Өз ісім, ешкім тапсырма бермеді,– деді Атаман сенімді сөйлеп.

– Жеке бас араздығың бар ма еді? – деді тергеуші.

– Жоқ, мен оны емес, жалпы кеңесшілердің бәрін атпақ болдым, өкінішке орай бір министрді атқан соң, зал ішінде дүрбелең болып, бәрі жерге жатып қалды.

– Оларды не үшін атпақ болдың?

– Қолдамаймын.

Ленинградта оқып жүрген Қоңырға тілдей қағаз келді. «Елге жет, әкең нашар», – депті. Қоңырдан маза кетті. Жедел жолға қамданды. Ұшаққа билет алды. Қоңыр мінген ұшақ түбіт-түбіт бұлттарды тіліп өтіп, бетегелі белдер мен өзен-көлдерді артқа қалдырып ару Алматыға бауырлап қонды. Ұшақтан түскен жігіт таксилетіп тау баурайындағы үйіне тартты. Жүрегі дүрсілдеп келеді. «Әкем тірі болса екен!». Дәл қазіргі арманы осы. Жетелеп жүріп жеткізген әкесін жанындай жақсы көреді. Әкесінің де баласына құрметі ерекше. Үнемі жоғары қызметте жүрсе де, жан дегенде жалғыз баласын көзінен де, ойынан да таса қалдырған емес. Жақсы мектепте оқытты, жақсы тәрбие берді. Қолы қалт етсе, бауырына басып жүріп, өмірге баулыды. Адалдыққа, еңбекқорлыққа үйретті. Қалаған оқуына жіберді. Сүйткен асыл әке хал үстінде жатыр. Мынау тілдей қағаз үрей туғызып келеді.

...Үйге кірген Қоңырды әкесінің қарындасы мен дәрігер қарсы алды. Басқа көңіл сұраушыларды әкесі әдейі басқа жаққа жіберсе керек. Анасы ертеректе дүние салған болатын. Жүздері солғын. Қоңырға қысқа амандасқан екеуі төргі үйде жатқан әкесі жақты ымдады. Тез басып келген Қоңыр басына биік жастық жастап, диванда жатқан әкесіне:

– Ассалаумағалейкүм, – деп оң қолымен төсін басты. Төсін басқаны болмаса, әкесінің дауысы анық естілмеді. Тек «кел!» дегендей ишара етті. Қоңыр еңкейіп қолын қысып еді, әкесі мандайынан искенді. Өңі қашып, көзі шүңірейіп, жүдеп кетіпті. Сырқаты салмақты болса керек.

– Келдің бе, балам?

– Келдім. Жеделхатты ала жеткенім... Тәуірсіз бе? Дәрігерлер не дейді?

– Тәуірмін... Сырқатым салмақты.

– Жазылып кетесің, әке!

– Сені әдейі шақырттым. Ақтық сапарымның алдында өзіңе айтарым бар еді...

Қарт әке ауыр күрсінді. Әке мен бала іштей түсінісіп, үнсіз қалды. Үнсіздікті әкесі бұзды. Қоңырдың қолын ұстап отырып, қайта құру кезі мен нарық жылдарындағы ұлт тағдырын, жазықсыз құрбандардың жай-күйін, жан азабын, жан жарасын әкесі түгел айтып берді. Қоңырға ең ауыр тигені өзі туралы естіген шындық болды. Мүмкін емес! Адам сенгісіз. Қалай болғаны? Сенбейін десе, өлім мен өмірдің арасында жатқан әкесінен естіп отыр. Өзгеден естісе сенбес еді. Қайдан іздейді? «Оны кешір, тауып ал!» дейді әкесі. Қалай кешіреді? Қайдан табады? Ширек ғасыр өтіпті. Өмір – жұмбақ.

– Біз осылай, сенің туған әкең екеуіміз билікті алмастыруға себеп болдық. Ұры-қарыдан қорғадық, – деп министр көзіне жас алды.

...Түрме – шалыс басқанның мекені. Ақиқат іздегендер де аз емес. Сан қилы тағдырдың тоғысқан жері. Түрменің өз заны бар. Үкіметтің заңы зындан есігінің сыртында қалады. Ішке кіре алмайды. Ішкі зан сыртқы заннан әлдеқайда қатал. Қауіпті. Қалт бассаныз, ажал құшасыз. Аман шықпайсыз. Негізгі шарт: адалдық, сөзде тұру, уәдені бұзбау, өзгені сақтау. Осындай болсаныз, қадірлісіз. Осалдық танытсаңыз, өмірініз тозаққа айналады. «Ер жақсысы – түрмеде, ат жақсысы – кермеде» дегенді бұндағылар қатты ұстанады. Кім болса да, кім

келсе де, ұзақ отырғандарға құрметпен қарайды. Түрмені де солар басқарады. Басынан кестелі тақиясын тастамайтын, жағасына кір қонбайтын осы бір адамды бәрі сыйлайды. Есімі – Атаман. Себебі, ол қаланың қылмыстық топтарынан да, билік басындағылардан да тайсалмаған батыр. Мұндағылардың бәрі солай атайды. Атаман дейді. Түрме бастығының өзі Атаманмен санасады. Сонау ауыр жылдары түрмедегі барлық азаматтарды аштық пен аурудан аман алып қалған да осы Атаман. Тар қапаста отырған талай азаматтың жанына арашашы болыпты. Төбелесі де сойқан дейді. Қазір бетіне келер жан жоқ. Құс жастық, ақ көрпеде жатып, ыммен басқарып отыр. Шау тартып та барады. Күн шаңқай түс. Көзі ілініп кеткен екен. Түс көріпті. Түсінде Торғын екеуі аппақ қарды тізеден кеше жастық шағындағыдай жүгіреді екен. Ақ көбелек жапалақтаған аппақ қар олардың сезімдеріндей таза. Атаман түстен арыла алмады, түс екенін білсе де, көре бергісі келді. Мұрнына Қоңырдың исі келді. Арнайы келіп оятқан капитан ұйқысын бұзды. Түсін жақсылыққа жорыды.

– Не болды?

– Шақырып жатыр.

– Кім?

– Бастық.

– Қазір барам.

Алдына келген Атаманға ештеңе айтпай, бастық сыртқа қарай беттеді. Қара шәугімдей қара құлпы бар темір есік айқара ашылып, еркіндікке шыққан Атаманды шілденің шілінгір өткір күні қарсы алды. Өткір күнге қарай алмаған Атаман көзін қолымен көлегейлеп, сығалады. Саф ауа! Таза табиғат. Еркін тыныстап жұтты.

– Атаман, билік ауысты. Сен енді қылмыскер емес, түрмеден батыр болып шықтың. Қош! – деді түрме бастығы анадайдан.

Сүліктей қара мерстен түскен екеуі бұған қарай жүрді. Бұл есін жия алмай тұр. Мына жұмбақты түсінбеді. Қасына келген жігіт сәлем берді. Қыз ернін жыбырлатып, ізет көрсетті. Жігіт машинаны нұсқап ишарат жасады. Атаманды отырғызған қара мерседес Қаратал өзенінің бойындағы қалың ағаштың аңғарына келіп бір-ақ тоқтады. Ешкім тіл қатпады. Машинадан түскен Атаман өзенді жағалап, суға бетін жуды. Қандай ғажап! Ауылды сағыныпты. Көзіне жас келді. Жігіт өзенді бойлап кетті. Қыз дастарқан жайып, самауырға шай қойды. Күркіреген өзен. Әсем табиғат. Ат шаптырым дастарқан. Үшеуі отыр. Бір-бірінен жатырқайтын секілді.

Шай құйылды. Коньяк ашылды. Үнсіздікті жігіт бұзды.

–Ас алыңыз! Шығуыңызбен,–деп стаканды соғыстырып тартып жіберді. Атаман да қағып салды. Жігіт тағы құйды.

– Қартайыпсыз... Атаман жақтырмай қарады. Жігіттің көзі отты екен.

– Неше жыл отырдыңыз?

– 25 жыл.

– Ширек ғасыр.

– Иә.

– Мынау – әйелім.

– Аа, бақытты болындар!

–Мені таныдыңыз ба?

– Жоқ.

– Ұмыттыңыз ба?

– Сен кімсің?

– Мен бе? Баяғыда кек үшін тастап кеткен баланызбын.

Атаманның жүрегі дүрсілдеп, мандайынан тер бұрқ ете түсті. Ұлының бетіне тура қарай алмады.

– Мені де кек жолына дайындағанда, мен де сіздей қылмыскер болар ма едім? Әлде бүгінгідей батыр болып шығар ма едім?

Жүрегі ештеңеден қайтпаған, талай сот, сойқан көрген Атаман бүгін ар сотында қиналды. Ақталуды артық санады. Үнсіз ұзақ отырды.

Қоңырдың ары қарай әкесін қинағысы келмеді. Оның да жүрегі езіліп отыр еді. Сөзге келген Атаман ұлына:

– Мені қайтадан түрмеге апарып таста, – деді. Аузына түскен сөзі осы. Қоңыр басын шайқады.

Үш жолаушы мінген қара мерседес кешкі қоңыр салқынмен Алматыға кірді.

Ербол БЕЙІЛХАН